

# **КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ**

**Жасаған: ШТА-11В**

**Муратова Айгерім**

**Ерден Ақбота**

**Тексерген: Жұмажанова**

**Гүлжанар Ихтаевна**

1917-1940 жылдар аралығындағы Қазақстандағы халыққа білім беру ісі. Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанда көптеген өзгерістер болды. Соның ішінде, республикада халықтың сауатсыздығын жою жөніндегі, жалпы білім беретін мектептердің кең жүйесін құру, яғни бастауыш, орталау, орта мектептерді және арнаулы орта, жоғары оқу орындары бойынша атқарылған көптеген жұмыстарды атап өтуге болады. Халыққа білім беру ісіндегі ең маңыздысы біртұтас жүйенің құрылуы және дамуы, сондай-ақ мектеп жасындағы балаларды оқуға қамту болды. Үкіметтің және халыққа білім беру органдарының ұдайы қамқорлығы арқасында қысқа мерзімде мектептер, мектептен тыс ұйымдар, балалар мекемелерін құруда үлкен табыстарға қол жетті. Мектеп ашудың қиындығы оқулықтардың жоқтығына, оқу бағдарламаларының, мектеп ғимараттарының, мұғалімдердің аздығына, әсіресе ұлттық педагогтік кадрлардың тапшылығына байланысты болды.






АЛЫС АУДАНДАРДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮШІН ТИІСТІ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАЛДЫ. Балаларды оқытудың күрделі жағдайларын есепке ала отырып, әртүрлі үлгідегі мектептер коммуна-мектептер интернаты құрылды. Кейін ол жоғары үлгідегі мектепке айналдырылды. Кеңес үкіметі құрамындағы Ұлт Республикаларының Комиссариаты, губерниялар мен облыстардағы Халком жанындағы бөлімдерімен халық ағарту комиссариаты құрылды. Ағарту халкомы болып А.В.Луначарский тағайындалды. 1918 жылы қаңтарда Петроградта елдегі ағарту ісін түбегейлі қайта құруды көздеген Кеңестердің Бүкілресейлік III съезі өтті. Күйзеліс, аштық, басталған соғыс интервенциясы мен азамат соғысына қарамастан, халық бұқарасының мәдениетін көтерудегі бірінші жағдай ретінде сауатсыздықты жою міндеті қойылды. 1918 жылы наурызда Түркістан өлкесінің Халком кеңесі өзінің декретін жариялады. Онда «ағарту жөніндегі халық комиссариаты А.В. Луначарскийдің жарлығына сәйкес, ұсынылған жоспарға байланысты Түркістан өлкесінде халыққа білім берудің өлкелік кеңесі ұйымдастырылады» деп айтылған.





1940-1960 жылдардағы Қазақстандағы білім беру. 1941 жылы фашистік Германия Кеңестер Одағына соғыс ашты. 1940-1942 оқу жылдары қазақша орталау мектептердің жанынан 250 интернат ашылды. Онда 29 мыңға жуық бала тәрбиеленді. Олардың арасында сол кезде қиян-кескі соғыс жүріп жатқан еліміздің батыс аудандарынан көшірілгендер де аз емес еді. 1943 жылдан бастап өндіріске араласқан жастар үшін жұмысшы жастардың жетіжылдық және орта мектептері ашылды. Соғыс кезіндегі жағдайдың өзінде де оқуды қоғамдық еңбекпен байланыстыру ісіне ерекше назар аударыла бастады. 8-10 сыныптарға міндетті түрде тракторды, автомашинаны үйрену жүктелді. Ал 4-7 сыныптарға ауыл шаруашылығының қарапайым негіздерін және қарапайым ауыл шаруашылығы мәшинелерін үйрену енгізілді. Соғыс уақытында барлық мектептер өз жұмыстарын әскери кезеңге сәйкес қайта құрды. Көптеген мұғалімдер мен жоғары сынып оқушылары майданға аттанды. Халықтың өмірінде жас ұрпақты оқытуға және тәрбиелеуге байланысты әртүрлі қиындықтар пайда болды, мұғалімдер жетіспеді.





- 1947-1950 жылдары Қазақстанда жаңадан 6 институт ашылды. 1956 жылдары халыққа білім беру саласында үлкен өзгерістер болды. Жалпыға бірдей 7 жылдық оқу орнына 8 жылдық жалпыға бірдей міндетті білім беру енгізілді. Жан-жақты дамыған және сауатты адамдарды дайындауды жоғары деңгейде шешетін жаңа үлгідегі мектеп-интернаттарды ұйымдастыруға кірісу мақсатты мәселе деп танылды. Қазақстанда мектеп-интернаттарды құруға халыққа білім беру органдары 1956 жылдың наурызында кірісті. Шамамен 1700 адамға арналған сегіз жылдық мектеп-интернаттар Ақмола облысының Сандықтау ауданында, Қарағанды облысының Қарағанды, Долын аудандарында, Талдықорғанның Панфилов, сондай-ақ Ақтөбе, Гурьев, Семей, Шымкент облыстарында ашылды. Олардың барлығы да жұмыс істеп тұрған мектептер базасында ұйымдастырылды. 1956-1960 жылдары оқушылар арасында оқу-тәрбие жұмысы оның шығармашылық бастамада жан-жақты өркендетуіне бағытталды. Мектептерде тәрбие жұмысының бағдарламасын жасау бірнеше жылдар бойы жүргізілді. 1958 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-дағы халыққа білім беру жүйесін одан әрі қарай өркендету туралы» заңды қабылдады. Ол заң еліміздегі жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білімді бекітті.

